

Менгеруші жанындағы кеңес жоспары 2024-2025 оқу жылы

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	1.2024-2025 оқу жылына дайындық. 2.Педагогикалық кадрларды ұйымдастыру. 3.Топтардың жабдыкталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.	Қыркүйек	Менгеруші А.Мырзағалиева
2	1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. Стандарт талаптарына сай топтарды жиһазбен жабдықтау. 3.Қазан айындағы мерекелік іс-шаралардың өткізілуі.	Қазан	Менгеруші А.Мырзағалиева Шаруашылық менгерушісі Н.Курманғалиева Әдіскер С.Жоламанова
3	1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы. 2.Мерекелік іс-шараларға дайындық. 3.Әр түрлі мәселелер.	Қараша	Менгеруші А.Мырзағалиева Әдіскер С.Жоламанова
4	1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы және «Қауіпсіздік» ережелерінің орындалуы туралы тексеру қорытындысы. 3.Әр түрлі мәселелер.	Желтоқсан	Менгеруші А.Мырзағалиева Әдіскер С.Жоламанова
5	1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. I-жарты жылдық есеп. Тексеру қорытындысы.	Қаңтар	Менгеруші А.Мырзағалиева Әдіскер С.Жоламанова
6	1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы. 2.Наурыз айындағы ертеңгіліктердің сценариін талқылап, бекіту.	Ақпан	Менгеруші А.Мырзағалиева
7	1.2024-2025 оқу жылындағы екі тапсырманың орындалуын бақылау. 2.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы. 3.Әр түрлі мәселелер.	Наурыз	Менгеруші А.Мырзағалиева
8	1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы. 2.Мерекелік шаралардың қорытындысы. 3.Мамыр айында болатын мерекелік ертеңгіліктердің сценариін карап, бекіту.	Сәуір	Менгеруші А.Мырзағалиева
9	1.Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы. 2.Мамыр айында болған ертеңгіліктердің өту барысы. 3.Жазғы мәселелер.	Мамыр	Менгеруші А.Мырзағалиева Әдіскер С.Жоламанова

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Меңгеруші жанындағы кеңес
2024-2025 оқу жылы
Хаттама №1

Қатысқандар: 8 педагог

23.09.2024жыл.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. 2024-2025 оқу жылына дайындық.
2. Педагогикалық кадрларды орналастыру.
3. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.

Тыңдалды: меңгеруші А.Мырзағалиева

Құрметті әріптестер жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын. Әрине баршамыз осы бақшамыздың әдемі, таза, бала деңгейіне қарай жасақталуына өз үлестеріңізді қосып жақсы дайындық жұмысын жүргіздіңіздер. Осы уақыт аралығында ағымдағы жөндеу жұмысы сәтті аяқталды.

-Педагогикалық кадрларды өз топтарына орналасқанын атап өтті:

1. «Еркетай» кіші тобы Б.Улықпанова, В.Кадирова
2. «Күншуақ»ересек тобы Ш.Тайгужиева, М.Утеуова

Топтар бойынша балабақша әдіскері құжаттардың жүйелілігін, реттілігін тексергендігін айтып өтті. Яғни, балабақша тәрбиешілерінің және қызметкерлерінің өздеріне тиісті журнал, іс – қағаздарының, күнделікті ұйымдастырылған іс- әрекет жоспарларының, айлық, жылдық жоспарларының, тәрбиеленушілердің жеке іс-құжаттарының жүйелігін айтты. Жаңа оқу жылының басталуына байланысты балабақшамызда үлкен жұмыстар жүргізілді. Әр топтың тазалығы, мүліктерінің сапалылығы, ыдыс, төсек орындарының жайлылығын ретке келтірдік. Алдымен топтағы жиһаздардың құрамы, орналасуы, бүтіндігі қаралды. Ыдыс – аяқтың толықтығы, сынғандары ауыстырылды. Жатын бөлменің жабдықтарын түгендеп, ол бөлменің әрі жарық, әрі жылы болуын қадағаладық. Оқу қызметін өтетін парталарға жарықтың түсуіне, гүлдердің көп болуына үлкен мән бердік. Балалардың әнмен дене, би ұйымдастырылған іс- әрекеттеріне баратын бөлмелердің де жағдайлары толыққарастырылды. Сондай – ақ ақсәзірінің сапасы, әрі уақытылы берілуін қатан бақылау жұмыстары жүргізілгендігінайтты. Топтардағы тәрбиешілердің ұйымдастырылған іс- әрекеттер кестесін, жұмыс уақытын белгілеп бекіттік. Тәрбиешілер қолдарына бекітілген ұйымдастырылған іс- әрекеттер кестелері бойынша жұмыстарын жүргізеді. Тәрбиешілер күнделікті берілген тапсырманы уақытысында орындайды. Жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, уақытысымен келеді.

Шешімі:

1. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру балабақша әдіскеріне жүктелсін.
2. Топтардың жабдықталуы және жаңа оқу жылына дайындығы балабақшаның шаруашылық меңгерушісіне жүктелсін.
3. Жұмыс кестесі мен ұйымдастырылған іс- әрекеттер кестесінің құрылуына және оқу құжаттардың дұрыс жүргізілуіне балабақша әдіскері жауапты болып табылсын.
4. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу нәтижесі жақсы болып табылсын .

Кеңес төрайымы:

А.Мырзағалиева

Хатшы:

С.Жоламанова



«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Меңгеруші жанындағы кеңес
2024-2025 оқу жылы
Хаттама №2

Қатысқандар: 8 педагог

01.10.2024жыл.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы. А.Мырзағалиева
 2. Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау.
/Шаруашылық меңгерушісі Н.Курманғалиева
 3. 25 қазан ҚР күні мерекесінің өткізілуі. /әдіскер С.Жоламанова/.
- Тыңдалды: меңгеруші А.Мырзағалиева
1. Өткен кеңес шешімі орындалды, барлық құжаттарға қол қойылды. Жас мамандарға тәлімгер бекітілді.
 2. Топтағы жиһаздар стандарт талаптарына сай орналастырылды.
-Шаруашылық меңгерушісі Н.Б.Курманғалиева.
Барлық топтың жиһаздары бала деңгейінде жасақталғанын айтты.
 - ҚР 25 қазан мерекелік шаралары атап өтілу ескертілді. Педагогтардың пікірі тыңдалыпталқыланды. Сонымен қатар әдіскер С.Жоламанова топ бұрыштарын талапқа сай жабдықтау туралы, толықтырулар жүргізуді атап өтті.
Ертеңгіліктерде қауіпсіздік шараларын сақтау бойынша нұсқаулар жүргізді. Қызметкерлер тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді.

Шешімі:

1. Өткен меңгеруші жанындағы кеңесте қабылданған шешімдер орындалды деп қорытындылансын.
2. Қауіпсіздік ережелері толық сақталсын.
3. Жұмыс барысында туындаған әр түрлі мәселелер уақытылы шешілсін.

Кеңес төрайымы:  А.Мырзағалиева

Хатшы:  С.Жоламанова



«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Меңгеруші жанындағы кеңес
2024-2025 оқу жылы
Хаттама №3

Қатысқандар: 8 педагог

04.11.2024жыл.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы. /А.Мырзағалиева/.
2. «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелеріне дайындық.
/әдіскер С.Жоламанова.
3. Әр түрлі мәселелер.

-Тыңдалды: меңгеруші А.Мырзағалиева

1. Өткен кеңес шешімдері уақытылы орындалды. Мерекелік іс-шаралар кезінде топтарды, дәлізді безендіру жұмыстарын жүргізу туралы айтты. Тәуелсіздік күні мерекесі ересек, мектепалды топтарда атап өтілсін. «Жаңа жыл» мерекелік ертеңгілігіне әдіскер жоспар дайындап, шыршаны безендіру жұмыстары жүргізілсін.

- Музыка жетекшісі А.Жаңабаева сөз сөйледі: Жаңа жылдық костюмдер тігуге ұсыныс берді. Саз жетекшісі тарапынан екі би шығарады.
- Әдіскер С.Жоламанова сөз сөйледі:
ҰІӨ циклограммасы уақытымен жазылып бекітілді. Ай сайын әріптестер дидактикалық, материалдар жинақтағанын атап өтті.

Шешімі:

1. Айлық жоспар орындалсын.
2. Қауіпсіздік ережелері толық сақталсын.
3. Мерекелік іс-шараларда безендіру жұмыстары жүргізілсін.

Кеңес төрайымы  А.Мырзағалиева

Хатшы:  С.Жоламанова



«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Меңгеруші жанындағы кеңес
2024-2025 оқу жылы
Хаттама №6

Қатысқандар: 8 педагог

10.02.2025жыл.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Наурыз айындағы мерекелердің сценариін бекіту. /С.Жоламанова/.
3. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды: меңгеруші С.Жоламанова

Өткен кеңес шешімдері жоспар бойынша орындалды.«Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша», «Ұлттық құндылықтар»тақырыбында «Өнерлі әке, өнегелі бала» тақырыбында сайыстар өтті.

-Екінші мәселе бойынша «8-Наурыз», «Наурыз» мерекелерінің сценариі тексеріліп, толықтыру керек жерлерін толықтыруға қайта берілді.

-Үшінші мәселе бойынша әдіскер С.Жоламанова сөз сөйледі.
Барлық топтарда табиғат бұрышы жаңартылып, қайта жасақталсын.

Шешімі:

1. Ертеңгіліктердің өтуіне залды безендіру жұмыстары жасалсын.
2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жоспар бойынша өткізілсін.

Кеңес төрайымы  С.Жоламанова

«Жолшы» бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Меңгеруші жанындағы кеңес
2024-2025 оқу жылы
Хаттама №7

Қатысқандар: 8 педагог

31.03.2025 жыл.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. 2024-2025 оқу жылындағы екі тапсырманың орындалуын бақылау.
/меңгеруші С.Жоламанова.
2. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
3. Әр түрлі мәселелер.

-Тыңдалды: меңгеруші С.Жоламанова

Өткен кеңес шешімдері жоспар бойынша орындалды. 2024-2025 оқу жылындағы мақсат-міндеттер.

Ұлт болашағы балалар мен жасөспірімдер бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып ұрпақты тәрбиелеу.

Мектеп жасына дейінгі балаларда ұлттық құндылықтарды қалыптастыра отырып, балалар әдебиеті арқылы сөздік қорын молайту.

Жыл бойы алынған «Біртұтас тәрбие» жоспары, оқу жоспары кестесімен жүргізілген жұмыстар осы екі жылдық міндеттерді орындауға негізделген. Барлық жұмыстар әлеуметтік желіге салынды. Ұйымдастырылған іс-әрекетте әлде де бала үнін тыңдап, ойын түрлерін дұрыс ұйымдастырып, міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің өз шеберлігін арттырып, үнемі ізденіс үстінде болуы керек.

Тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасау. Қазіргі талапқа сай балалардың материалдарға еркін қолжетімділікті және күні бойы немен айналысатынын өз бетінше тандауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігі қамтамасыз етілсін. Әр түрлі материалдар дайындалсын.

Шешімі:

1. Алынған міндеттерге материалдар толықтырылсын..
2. Бала дамуына ата-анамен бірлесіп отырып қолдау көрсету.

Кеңес төрайымы:  С.Жоламанова

«Жолшы»бөбекжай-бақшасы» МКҚК
Меңгеруші жанындағы кеңес
2024-2025 оқу жылы
Хаттама №8

Қатысқандар: 8 педагог

18.04.2025 жыл.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен кеңес шешімі орындалуы. /меңгеруші С.Жоламанова/.
2. Наурыз айында өткен мерекелік шаралардың қорытындысы.
3. Мамыр айында болатын мерекелік ертеңгіліктердің сценариін қарап, бекіту.
4. Әр түрлі мәселелер.

-Тыңдалды: меңгеруші С.Жоламанова

Өткен кеңес шешімі бойынша ескерту жұмыстары орындалды. Биылғы алынған міндеттер:

1. Ұлт болашағы балалар мен жасөспірімдер бойына ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып ұрпақты тәрбиелеу.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларда ұлттық құндылықтарды қалыптастыра отырып, балалар әдебиеті арқылы сөздік қорын молайту болатын. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша» жоспар орындалды.
-Алынған тақырыптар тәуелсіздік, отаншылдық, бірлік және ынтыма, әділдік және жауапкершілік заң және тәрті, еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындау.
Ұлттық құндылыққа байланысты музыка залы безендірілді. Барлық топтарда ұлттық құндылық бұрыштары жасакталып, ұлттық киіз үйіміз алынып, ішкі құрылысы жасакталған.
Наурыз айындағы мерекелік ертеңгіліктер өте жақсы өтті.Барлығы әлеуметтік желіге салынды.
-Мамыр айындағы ертеңгіліктердің мерекелік жоспары, сценариі тексеріліп бағыт-бағдар берілді.

Шешімі:

1. Мерекелік шаралар орындалсын.
2. Ересек топтарда балабақшамен қоштасу жұмыстарының сценариі құрылып, бекітілсін.
3. Жаз мезгілінің жоспары құрылсын.

Кеңес төрайымы:



С.Жоламанова